



Сол дептермі әлі сақтап жүрмін. Ол кісі «көтердің болдым, толдым деген күні – өлген күні» дейтін. Өте дұрыс айтқан. Үнемі ізденісте болуымыз керек.

– Жалпы театр өнеріне қалай көлдіңіз? Бала күннен қызығушылық болды ма?

– Шара Жиенқұлованың биографиялық кітабын оқып, театрга қызығушылығым оянды. Күләш Байсейітова екеуі киім тағушы заманда бір киімді көзек киіп, сахнаға шығады екен. Олар қазақ театрының іргесін қалыптау үлесі қосса, біз дайын сахнада жүрміз. Арманым, киелі сахнада ізім

тәрбиелей алып жатыр ма?

«Өзім болып, өзінді көрсетейін өзің» деген Абайдың сөзі бар ғой. Сол секілді қазіргі қоғамды өздеріне көрсетудің бір құралы театр деп ойлаймын. Бірақ театрга келсе өкен деген адамдардың категориясы келмейді. Мәселен, «Ва-Банк» спектакліне отбасылық құндылықтың бағасын білмейтіндерді алып келіп, көрсетсе ғой деймін.

– Өңіміңізге рахмет! Көрсеткендеріңіз көп болсын!

Өңімелескен – Мерей Қайнарұлы Шығыс Қазақстан облысы

Немістер де назар аудара бастады

Ғалымдар Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ-да бірнеше жобаны дамытуды көздеп отыр

Жуықта аталған оқу орнында RnD форумы өтті. Бірнеше қаладан делегаттар келген. Кәсіби мамандар білім ошағында жүзеге асырылып жатқан бағдарламалардың ауыл шаруашылығы мен кәсіпке қалай әсер етіп жатқандығын айтты.

Университет ректоры Сауле Рахметуллинаның сөзінше, RnD форумы алғаш рет қолға алынып отыр. Маңызды тұстардың бірі – Smart Engineering жобасын ауыл шаруашылығы үшін коммерциализау мүмкіндігі туды. Атап айтсақ, коммерциализау – ғылыми-техникалық зерттеулердің нәтижелері негізінде бизнес құру. Оған авторлардың өзі жиі қатысады. Процестің мәні – тұрақты қаржылық байланыстарды қалыптастыратын бизнесті құру.

– Бүгінгі шара кездейсоқ ұйымдастырылған жоқ. Енді жылда өткізіліп тұрады. RnD терминінің өзі мұндағы технологиялық стартапты дамытуға бағытталған. Негізінен ҚазҰТУ мен Қарағандыда, сондай-ақ біздің ШҚТУ-да бір бағытқа қойылып келеді. Бірқатар шетелдік меймандар келді. Олар көбінде біздің университет базасындағы тау-кен саласында құзыреттілік орталығын қалыптастыруға қызығушылық білдіріп отыр. Сонымен қатар металлургия бойынша қосарлы бағдарлама ашып жатырмыз. Бұл үшін Бранденбург техникалық университетімен тізе қрстық, – деді Сауле Жәдігерқызы.

Тұңғыш форум аясында бірнеше меморандумдарға қол қойылды. Оң нәтиже берген жобалар неміс ғалымдарына да түрлі ой салған.

Айталық, Германия елшісінің тұрақты орынбасары Хольгар Коллей өндіріс бойынша білім ордасының жан-жақпен орнатқан тығыз байланысы бүгінде жемісін бере бастағанын алға тартты.

– Өскеменге бірінші рет келіп тұрмын. Айта кетерлік жайт, мұндағы оқытушылар студенттерді осы өңірге қажет мамандықтарға оқытып жатыр. Германия мен мұндағы білім ордасының әріптестігі жаңа жобалар үшін берік байланыстың бастауы. Себебі, өндіріс бойынша екі елде қойылған талап жоғары. Кадрларды даярлаудағы мұқияттылық сауда жағынан да оң нәтижесін бермек. Егер мұнда әзірленген шикізат Еуропада қажеттілікке ие болса, серіктестігіміз одан әрі бекем, – деді ол.

Алматы ауыр машина жасау зауытының бас директоры Мақсат Қанатбаев студенттерді ертеректен ғылымға, өнеркәсіп саласына тарту сол ортаға әлдебір инновация енгізуге негіз екендігін айтты. Әлі нарыққа шыға қоймаған жаңа өнімдер ойлап табуы мүмкін. Сонымен қоса, Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ-дың бірнеше түлеп аталған зауытта жұмыс істеп жатыр.

– Осындай алаңда небір таланттар көзге түсіп, тәжірибелер жасап, ғылым мен кәсіп бойынша бастама білдіреді. Олар іс-тәжірибелерден өткенде тек үстіртің жұмыс істеп қана қоймай, алдағы

ауықта біздің кәсіпорынның бір мүшесі атануға қадам жасайды. Дуальды оқу жүйесін дамыту деп жатырмыз. Егер университеттерде теорияны тереңдетіп оқыса, кәсіпорындарда соларды іс жүзінде оры-

дайды. Ол үшін алыс-жақыннан келген мамандар бүгін тәжірибе алмасып отырмыз, – деді бас директор.

Нұрбек АСҚАРОВ

